FARABI · KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY · 1934

FARABI UNIVERSITY – 90

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №39 (1951) 4 ҚАРАША 2024 ЖЫЛ



# QS пре-саммитінде

## жоғары білім беру жайы талқыланды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім беру мәселелеріне арналған QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммиті өтті. Халықаралық шара QS Азия-Тынық мұхиты саммитінің 20 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды.**



Жиынға QS Quacquarelli Symonds сараптама агенттігінің коммерциялық бас директоры Джейсон Ньюман, ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ЕАЭО елдеріндегі клиенттермен серіктестік жөніндегі және QS Жаһандық үкіметіндегі аймақтық директоры Сергей Христолюбов қатысты. Сонымен қатар 150 мемлекеттен, атап айтқанда Қытай, Жапония, Индонезия, Үндістан, Малайзия т.б. өзге елдерден келген 350-ге жуық ЖОО ректорлары, халықаралық сарапшылар және қазақстандық жоғары білім басшылары қатысты.

Шараны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Білім мен ғылымға озық халықаралық тәжірибе ауадай қажет. Университеттер мен ғылыми ұйымдар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосатын стратегиялық орталық болуы керек», – деп атап өткен болатын. Бүгінде жаһандық экономиканы дамытуда университеттік ғылым маңызды рөл атқаруда. Жаһандық трендтер мен заманауи сын-қатерлер жоғары білімнің дамуын айқындайды. QS – әлемдегі университеттердің көрсеткіші мен нәтижесін көрсететін ең беделді халықаралық рейтингтердің бірі. Сондықтан білікті маман даярлауда, ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуде озық тәжірибелерді жетілдіріп отыру қажет», – деді ректор.

Өз кезегінде QS Quacquarelli Symonds сараптама агенттігінің коммерциялық бас директоры Джейсон Ньюман шараның Қазақстандағы көшбасшы университет – ҚазҰУ-да өтіп жатқанының маңыздылығына тоқталды. Ол өз сөзінде пре-саммит білім беру сапасын жақсартуға және ресурстарды жұмылдыруға бағытталған негізгі үрдістер мен стратегияларды анықтауға мүмкіндік беретін озық тәжірибелер мен идеялармен алмасу алаңы болатынын атап өтті.

«QS пре-саммиті Қазақстанда, соның ішінде көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтіп жатқанына қуаныштымын. Жаһандық мәселелерді жалғыз шеше алмаймыз, барлығымыз бірге жұмыс істеуіміз маңызды. Бүгінгі іс-шара әлемдегі университет ректорларының басын қосып, жоғары білім мен ғылым саласындағы халықаралық деңгейдегі мәселелерді шешуге мұрындық болып отыр. QS рейтингі барлық ЖОО-лардың бір-бірімен тығыз жұмыс істеу, академиялық ұтқырлық бағдарламасын дамыту, ғалымдардың тәжірибе алмасу, әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстарын жандандыруға серпін берді», – деді Джейсон Ньюман.

Жалғасы 2-бетте

# «Кампустағы кампус» отырысы

## дәстүрге айналады




**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде алғаш рет жыл сайын өткізілетін «Кампустағы кампус» (CiC) отырысы өтті.**

«Кампустағы кампус» бастамасы – бұл ғылыми-зерттеу және білім беру ресурстарының серіктес университеттерінің кампустарын ұлттық немесе институционалдық кедергілерсіз бөлісу схемасы.

Отырысқа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығының өкілдері, көрнекті ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Цукуба университеті, Тайвань ұлттық университеті, Чен Кунг ұлттық университеті (ҚХР), Малайзия технологиялар университеті, Малайзия-Жапония халықаралық технологиялар институты, Бохумдағы Рур университеті (Германия), Сан-Паулу университеті (Бразилия) сияқты т.б. серіктес жоғары оқу орындарының делегациялары қатысты.

«Кампустағы кампус» жобасы бойынша ҚазҰУ Цукуба университетімен тығыз байланыс орнатқан. Бұл жай ғана жоба емес, оқытушылар мен студенттер үшін бірегей алаң. Бүгін біз өзара әрекеттесудің жаңа деңгейіне және ашық диалогқа негіз қалаймыз», – деді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев.

Цукуба университетінің президенті Нагота Кесуке университеттер арасындағы өзара іс-қимыл мәселелеріне тоқталып, мәдениетаралық ынтымақтастық қазіргі білім беруде шешуші рөл атқаратынын атап өтті.

**Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ**



3-бет

Ірі ғылыми мектебі бар білім ордасы



4-бет

Восток – дело тонкое!



5-бет

ҚазҰУ химиктері әлемдік ғылыми рейтингте



Соңы. Басы 1-бетте

# QS пре-саммитінде жоғары білім беру жайы талқыланды

Пленарлық отырыста Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ыстық ықыласын жеткізді. Өз сөзінде Президент кеңесшісі отандық ғылым мен білімді дамыту мәселесі тікелей Мемлекет басшысының бақылауында екенін баса айтты.

«Президентіміз «Озық ойлы ұлтқа айналуымыз керек» деген негізгі мақсатты Ұлттық құрылтайда айқындап берді. Ғылым мен жоғары білімді дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Жоғары білім инновациялық және тұрақты экономиканы құруға, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға. Білікті мамандардың білімі мен дайындығына қатысты мәселелер халықаралық ынтымақтастықты, диалогты және тәжірибе алмасуды талап етеді. Пре-саммит Азия-Тынық мұхиты аймағында және одан тыс жерлерде білім беру жүйесін жетілдіруге, жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған», – деді Мәлік Отарбаев.

Іс-шара барысында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек отандық университеттердің жоғары білім мен ғылым саласын дамыту бағытында жүргізіп жатқан жұмыстары туралы баяндама жасады. Министр QS әлемдік рейтингіне қазақстандық 21 жоғары оқу орны қатысатынын және жақсы нәтижелерге қол жеткізіп отырғанын атап өтті.

«Бүгінде Қазақстан ЖОО-лары әлемдік университеттермен серіктестікті арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Біз өзгерістерге жақын болуымыз қажет. Бұл университеттердің беделін арттыруға мол мүмкіндік береді. Биылғы оқу жылында 30 мыңға жуық шетелдік студент Қазақстанға оқуға келді. Соңғы екі жылмен салыстырғанда




10 мың студентке көп. Әлемде ауқымды үш рейтинг бар. Ең маңыздысы – QS халықаралық рейтингі. Бұл рейтингке Қазақстанның 21 университеті қатысады. Соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ отандық университеттер арасында көш бастап, 163-орында тұр. Биыл министрлік тұңғыш рет отандық ұлттық университеттердің рейтингін жасап шығарды. Бұл әлемдік рейтингтердің сарапшыларымен бірлесіп дайындалды. Яғни ұлттық рейтингте көрсеткіші жоғарылаған ЖОО-лардың QS жаһандық рейтингіндегі орны көтеріледі. Аталған ұлттық рейтинг елімізде алғаш рет қолға алынды», – деді Саясат Нұрбек.

Пленарлық отырыс «Білім беру саласына жаһандық мақсаттарды интеграциялау», «Жаһандық байланыстар», «Навигациялық технологиялар: жасанды интеллект және жаңа технологиялар саласындағы үздік тәжірибелер» тақырыбына арналған секцияларда жалғасты.

Шара соңында Сергей Христолюбов сөз сөйлеп, QS World University Rankings 2025 рейтингінде жоғары орын алған бірқатар қазақстандық университеттерді марапаттап, арнайы сертификаттар табыстады.

Айта кетейік, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы жоғары білім беру мәселелері бойынша QS саммиті алдағы 5-7 қараша күндері Макао қаласында жалғасады. Қорытынды жиын ретінде QS пре-саммиті 8 қарашада Гонконгта өтеді деп жоспарланған.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

# Халықаралық ынтымақтастыққа даңғыл жол

**Сергей ХРИСТОЛЮБОВ,**
*ЕАЭО елдеріндегі клиенттермен серіктестік жөніндегі және QS Жаһандық үкіметіндегі аймақтық директоры:*

## БІЛІМ САПАСЫНЫҢ АРТЫҚ-КЕМІН САРАЛАЙМЫЗ

QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммитінің Қазақстанның алдыңғы шептегі ірі оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтуінің халықаралық маңызы өте зор. Халықаралық шара QS Азия-Тынық мұхиты саммитінің 20 жылдық мерейтойы аясында өтіп жатқанын білесіздер. Пре-саммит басқосуында әлемдік жоғары білімге қатысты мәселелер көтеріліп талқыға түседі. Мұндай басқосулардың түпкі мақсаты – жоғары оқу орындары арасындағы коллоборацияны жетілдіру, озық тәжірибемен алмасу. Сондай-ақ тұрақты даму мақсаттары арқылы жер-жаһандағы әлемдік түйткілдердің оң шешіміне қол жеткізу. Күн тәртібіндегі осындай келелі тақырыптарды талқылауға алаң бергені үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға үлкен алғыс білдіремін. Жиында біз командадағы жұмыс, білімнің сапасы, оның жетістіктері мен кемшін тұстары, қай елде қандай дағды-машықтар кең ау-



қымда таралған, қай елде ол жоқ, солардың арасындағы айырмашылықтарды саралаймыз. Сосын оның қорытындысын рейтингтік бағалау индекстері арқылы анықтаймыз. QS талаптары көпшілікке белгілі, негізгі міндеттердің қатарына оқытушылар мен қызметкерлерді ғылыми жобаларға тартуды ұлғайту, әйгілі ғылыми басылымдарға ғалымдардың жарияланымын шығару, оның сапасын одан әрі арттыру, жақын және алыс шетелдердегі білім мен тәжірибені қажет ететін экожүйелер, сондай-ақ білім орталықтарымен белсенді түрде әрекеттесу іс-шаралары кіреді.

**Адалат МУРАДОВ,**
*профессор, UNEC – Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетінің ректоры:*

## БАСҚОСУ АРҚЫЛЫ БІР-БІРІМІЗДІ ЖАҚСЫ ТАНИМЫЗ

QS халықаралық ұйымының Алматыда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтіп жатқан Asia Pacific 2024 пре-саммитіне шақырғанына өте қуаныштымын. Пре-саммит жұмысына әлемнің жүздеген елінен ректорлар, ғалымдар мен оқытушылар қатысты. Әр аймақ өз елінің жоғары оқу орындарының жай-күйі, халықаралық байланысы аясында атқарылып жатқан түрлі іс-шаралар, бір-бірімен тәжірибе алмасу, тағылымдамадан өту жайында әңгімелеп жатыр. Біз осындай басқосулар арқылы бір-бірімізді жақын танимыз. Әр аймақ елдерінің мәселелерімен, озық идея, тың технологияларымен танысамыз. Жаңа әріптестік бағыттарға қол жеткіземіз. Сондықтан біздің еліміз мұндай игі шараларды қолдайды әрі әр мемлекетте ұйымдастырылатын басқосулардан шет қалмаймыз. Өйткені мұн-



дай халықаралық жиындарда әлемнің алдында тұрған келелі мәселелер қозғалады. Талқыланып, шешім шығарылады. Біз, әр ел, әр аймақ – тұтас ғаламның бір бөлшегіміз. Озық білім мен ғылым арқылы жаһандық түйткілдерді шешуге ықпал етеміз. Сондықтан Еуропа құрлығында жатқан мемлекеттердің Азия аймағындағы, оның ішінде Орталық Азия елдерімен арасындағы тығыз қарым-қатынасты қолдаймын.



**Росли РАДЖИКАН,**
*Кебангсаан (Малайзия) университетінің стратегия және националдандыру жөніндегі проректоры:*

## ҚАЗАҚСТАНҒА АЛҒАШҚЫ САПАРЫМНАН ЕРЕКШЕ ӘСЕР АЛДЫМ

QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммиті өте тамаша әрі қызықты өтті. Бұл менің Қазақстанға жасаған алғашқы сапарым. Пре-саммиттің өте әдемі, көрікті жерде орналасқан көшбасшы университетте өтуі бәрімізге ұнады. Маған ерекше әсер қалдырды. QS пре-саммиттің өтуі, әлемнің әр түкпірінен университет президенттерін, ректорларын жинауы – үлкен іс. Өйткені мұндай басқосулар бәрімізге тиімді. Біріншіден, халықаралық коллаборацияны дамытып, оның өркендеуіне жол ашса, екіншіден, біз әр аймақтың жоғары білім ошақтары жайында тың деректер, құнды мағлұмат алып жатырмыз. Әсіресе Орталық Азия мемлекеттерімен арада тығыз қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беріп, жол ашты. Біз соған қуанып отырмыз. QS – әлемдегі жоғары білімнің, нақты айтар болсақ, университеттердің көрсеткіші мен нәтижесін көрсететін ең танымал әрі беделді халықаралық рейтингтердің бірі. Сондықтан оның жиынына қатысу әр университеттің деңгейін, білім беру сапасын көтереді. Заманға сай білікті маман даярлауда, ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуде озық тәжірибелермен алмасып, жетілдіріп отыру қажет екені анық.

**Кудайберди КОЖОБЕКОВ,**
*Ош мемлекеттік университетінің ректоры:*

## ОЗЫҚ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚОҒАМДЫ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қазақстандағы белді оқу орындарының бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында өтіп жатқан QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммитіне қатысып, еліміздің жоғары білімінің жай-күйімен көпшілікті таныстырып, өз пікіріммен бөлісіп жатқаныма өте ризамын. QS – беделді халықаралық рейтинг агенттігі екеніне ешкімнің дауы жоқ. Алматыға жиналған жоғары білім саласының мамандары өз елдерінің озық, тың жетістіктерімен бөлісуде. Орталық Азия елдерінің университеттері, оның ішінде біздің оқу орны да бар, халықаралық рейтингте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін тырысып жатқанымыз рас. Озық жоғары білім қоғамды алға жылжытады. Оған қазір әлемнің көзі жетіп отыр. Сондықтан білім саласындағы жаһандық проблемаларды талқылау, оған лайықты шешім ұсыну пре-саммит жауапкершілігіндегі үлкен міндет. Оны әр аймақтан жиналған басшылар, ғалымдар мен практиктер жақсы түсінеміз. Сондықтан пре-саммит жұмысына сәттілік тілеймін.



**Дайындаған Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

# Шетелдік ЖОО ректорларымен кездесу

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммитіне қатысуға келген бірқатар шетелдік ЖОО ректорларымен жеке кездесулер өткізді.**



Алдымен оқу ордасының басшысы Әзірбайжан сәулет және құрылыс университетінің ректоры Гүлчохра Мамедованы қабылдады.

Кездесу барысында ректор Гүлчохра Мамедова ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндады. Кездесу соңында ынтымақтастықты арттыру бойынша екіжақты келісімге қол қойды.

Кейін ҚазҰУ басшысы Малайзиядағы Кебангсаан университетінің про-вице канцлері Росли Раджикан мен келіссөз жүргізіп, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқытушылар мен студенттер алмасу жұмыстарын жандандыруға келісті.







Сонымен қатар білім ордасының басшысы Баку мемлекеттік университетінің ректоры Елчин Бабаевпен жүздесіп, ғылым мен жоғары білім саласындағы ынтымақтастық келешегін талқылады.

Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетінің ректоры Адалат Мұрадовпен кездесуінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев бірлесіп жұмыс жасауға және серіктестікті арттыруға бағытталған барлық бастамаларды жүзеге асыруға уағдаласты.

# Ірі ғылыми мектебі бар білім ордасы

**Еліміздің маңдайалды оқу ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің іргетасы қаланғанына биыл 90 жыл толды. Ғасырға жуық мезгіл, әрине, аз уақыт емес. Осы жылдар ішінде университет бірнеше даму жолынан өтті. Бұл күндері ірі ғылыми университетке айналды. Өзіміз қара шаңырақ оқу ордасы деп әспеттейміз.**



Өйткені соған лайық атақ-даңқы бар, халықаралық деңгейге көтерілген көшбасшы білім ошағы. ҚазҰУ бәрімізге ыстық, қымбат. Өйткені біздің жас кезімізде жалғыз университет болды. Бұл оқу ордасында білім алмасақ та, сыртта жүргенде тілеулес, ниеттес болдық. Күні бүгінге дейін сол ахуалдан айныған емеспін, университетке отандық ғылымды дамытқаны үшін, ғылымның көшін алға сүйреп келе жатқаны үшін үлкен құрметпен қараймын.

ҚазҰУ-да үлкен ғылыми мектеп бар, әсіресе химия, биология саласының майталман ғалымдары қызмет еткен киелі мекен. Қазіргі жастар білуге тиіс, кезінде Темірбай Дарқанбаев, Асқар Закарин, Төлеген Тәжібаев, Өмірбек Жолдасбеков т.б. аты қарағайдай ғалымдар басшылықта да, ғылымда да еңбек етіп, тер төкті. Қазір сондай көрнекті ғалымдардың жолын Жансейіт Қансейітұлы бастаған ғалымдар легі жалғастырып келеді. Ұрпақ сабақтастығы деген осы емес пе?

Қара шаңырақ ҚазҰУ ғалымдарының түрлі озық жобалары қазір өндіріске де еніп жатқанын білеміз. Бұл да оңай шаруа емес. Қай жағынан болсын білім беріп, ғылымды дамытуда да, маман даярлауда да оқу ордасының бәсі биік. Оны бәріміз мойындаймыз. Сондықтан Жансейіт Қансейітұлы басқарып отырған үлкен ғылыми ұжымға табыс тілеймін. Денсаулықтарыңыз мықты болсын, шәкірттеріңіз ұстаздарынан озсын. Біз, Қазақ елінің ғалымдары, сізгерден үлкен ғылыми жаңалықтар күтеміз.

**Амангелді САДАНОВ,**
*биология ғылымының докторы, академик*

# «Farabi Hub» орталығымен танысты

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммитіне қатысушылар «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығымен танысты.**



Келушілерге жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасы таныстырылды. Бүгінде білім ордасы құны 32 млрд теңгені құрайтын 400-ге жуық жобаны жүзеге асыруда. «Farabi Hub» орталығында ҚазҰУ базасындағы ғылыми зертханалар мен орталықтар, шетелдік компаниялардың филиалдары, ҒЗИ орналасқан.

Пре-саммитке қатысушыларға Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы, Ми институты, «Робототехника және мехатроника RoboMech» ғылыми-білім беру орталығының ғалымдары жүргізіп жатқан жұмыстардың нәтижесі баяндалды. Сондай-ақ сот сараптамалары орталығының, Биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының және Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасының ғылыми ізденістері туралы ақпарат берілді.



Құрметті меймандарға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ZTE, BASF, Binlin компанияларымен ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асып жатқан жобалары таныстырылды.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және білім алушылары!**

**Сіздерді отандық білім беру саласындағы қара шаңырақ – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!**

# Ғылымның кеніне айналған қара шаңырақ

Университет өзінің тарихи кезеңінде мыңдаған мамандар даярлап, ғылымның кең ордасына айналып, мемлекетіміздің өркендеуіне елеулі үлесін қосып келеді. Білім мен ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік кеңесі және қоғамдық қызметіндегі маңызды шараларымен көптеген жетістіктерге жетті.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мерейтойы – бұл оқытушы-профессорлық құрам, қызметкерлер мен студенттердің ғана емес, қала жұртшылығы үшін де айтулы мереке.

Білімі мен біліктілігін, тың тәжірибесін жас ұрпақтың бойына сіңіруді өзіне міндет етіп, ұстаздық жолында қажымай қызмет етіп жүрген ұстаздар еңбегі зор құрметке лайық. Оқу ордасының әлеуетін жетілдіріп, бар жағдайды жасап, күш-жігерлерін сарп етіп жүрген қызметкерлер еңбегінің бағасы да өлшеусіз.

Бүгінгі заман – ой мен өрісті көп қажет ететін, білім мен ілімнің даму кезеңі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды бітірген түлектер талаптарға сай әр салада озық маман иесі болып қызмет етуде. Бұл білім ошағының туын тік, тұғырын берік ұстап, білім деңгейін шәкірттеріне зор талаппен жеткізе білген саналы, адал еңбектің жетістігі деп білемін.

Осындай берекелі еңбектеріңіздің нәтижесі күн санап көбейе беруіне тілектестік ниеттемін. Оқу орнының жарқын болашағы шыңдала түсіп, түлектеріңіздің қадамы сәтті болсын.

Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық табыс, жаңа ғылыми жетістіктер мен көптеген жеңіс тілеймін!

**Ізгі ниетпен,**
**Narxoz университетінің президенті**
**Мирас ДӘУЛЕНОВ**

№39 (1951) 4.11.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

**Факультет востоковедения с момента образования в 1989 году является крупнейшим образовательным, научно-исследовательским центром, занимающим ведущее положение в университетской системе подготовки высококвалифицированных востоковедов – филологов, историков, культурологов и политологов. Факультет готовит специалистов по всем странам и регионам Ближнего и Дальнего Востока и азиатского мира, активно владеющих несколькими восточными и западными языками.**

**Никому не секрет, что факультет востоковедения является настоящей «кузницей» по подготовке государственных служащих, занимающихся в органах дипломатической службы. Среди выпускников факультета – государственные служащие, занимающие высокие посты в органах дипломатической службы: чрезвычайные и полномочные послы, консулы, и другие высокопоставленные работники дипломатических представительств, международных организаций и консульских учреждений.**

**В рамках празднования 90-летнего юбилея КазНУ им. Аль-Фараби и 35-летней знаменательной даты с момента образования факультета востоковедения, автор этих строк побеседовала с одним из выдающихся выпускников факультета – Сериком Нарысовым, – кавалером ордена «Парасат», первым секретарем I класса МИД РК, бывшим председателем Шанхайской организации сотрудничества, работавшим личным переводчиком Президента страны К.-Ж.К.Токаева и бывшего Президента Н.А.Назарбаева.**

**Данное интервью представляет беседу двух выпускников факультета востоковедения обо всём, что имеет отношение к востоковедческой науке, будто это политика и культура, образование или быт.**

# Восток – дело тонкое!

**– Серик, расскажи, как ты пришёл к желанию изучать китайский язык, к Китаю в целом? Ведь в момент твоего поступления в КазГУ перед тобой был выбор: арабский, персидский и китайский языки. Так почему твой выбор пал именно на китайский язык?**

– Начну с того, что со школьных лет я читал много разножанровой литературы. И где-то в 6 или 7 классе, прочёл книги на историческую тему А. Мина и Р. Петрова «Чёрный Иртыш» и К. Жумадилова «Последнее кочевье». В первой книге описываются события 40-х годов XX века, напрямую затронувшие судьбу части казахского племени Керей, проживающих в Синьцзяне, и в частности, Оспан батыра, борца за свободу своего народа. Вторая книга посвящена возвращению части казахской диаспоры из Китая на историческую родину – в Казахстан в начале 1960-х годов. Книги эти принадлежали к жанру исторических хроник, но хоть и являлись художественной литературой, после их прочтения у меня появился большой интерес к Синьцзяну – к этой громадной приграничной территории с неоднозначной и трагической в исторической перспективе судьбой. Интерес к СУАР со временем перерос в интерес к Китаю в целом, эта страна увлекала меня всё больше и больше. Плюс мой ранний интерес к истории с географией. Эти составляющие и привели к тому, что в 1988 г., после окончания средней школы в небольшом ауле Семипалатинской области, я поступил на исторический факультет КазГУ по специальности «История КПСС». Дело в том, что в Казахстане в то время не было учебных заведений со специализациями, связанными с языком и историей Китая.

Но «что ищешь в небе, то может оказаться на земле», и судьба дала мне шанс найти свою стезю – в 1989 году на вновь открывшемся факультете Востоковедения КазГУ среди других было и отделение китайского языка и истории. Я с радостью туда поступил. Вот вкратце история моего выбора.

Хочу добавить, что мне импонируют ещё два языка, изучавшиеся на нашем факультете. Персидский – язык великолепной культуры и поэзии средневековья, овладеть которым я мечтаю, и делаю неплохие успехи; арабский – ближе мне как умеренному приверженцу исламской веры. Кстати, арабский алфавит казахского языка «төте жазу» я освоил еще в школьные годы, и могу гордиться тем, что был единственным в нашем ауле, кто выписывал газету «Біздің Отан», печатавшуюся арабской графикой в Алма-Ате для зарубежной казахской аудитории. Было интересно наблюдать, как односельчане приходили к нам домой смотреть на это «чудо» периодической печати с незнакомыми, но близкими сердцу буквами арабской вязи. К сожалению, эта газета ушла в небытие вместе с СССР.



**– Серик, ты по праву считаешься одним из ведущих специалистов в области отечественной синологии. Тобой опубликованы труды на китайском языке, переведены труды известных дипломатов. По сути, своим опытом ты доказал, что: «Дорогу осилит идущий!» Признайся, нет ли у тебя какого-то волшебного средства, которое превратило тебя в замечательного китаиста, или же это как раз тот случай, когда говорят: «Гений – это один процент вдохновения и девяносто девять процентов пота». Словом, расскажи, пожалуйста, о своём опыте изучения китайского языка и что бы ты сказал в ответ утверждающим, что китайским языком невозможно овладеть в совершенстве?**

– Думаю, что нет ничего невозможного для человека, если провидение не распорядилось иначе. Как ты сама прекрасно знаешь, изучение китайского языка ввиду сложности иероглифической письменности требует повышенной усидчивости и кропотливого труда. Одно дело учить разговорный китайский язык без грамоты, другое – учить иероглифы и упражняться в грамотном правописании. Это связано с определёнными трудностями. Я, как и многие мои однокурсники, корпел над учебниками огромное количество времени, но не забывал и о досуге. Если помнишь, в студенческие годы на стене моей комнаты в общежитии висело известное изречение Сунь Ят Сена: «革命尚未成功，同志仍需努力», которое в переводе означает: «Товарищи должны и дальше бороться, пока революция не пришла к победе». Это было, своего рода, моей жизненной установкой тех лет. Она выручала меня в разные периоды жизни.

**– Ты жил и работал в Китае, изучал и знаешь как внешние, так и внутренние его особенности. Скажи, что мы должны, в первую очередь, знать о Китае?**

– Я отчасти затрагивал эту тему, но могу добавить, что Китай – важный политический и экономический партнер нашей страны. Это быстрорастущая экономика, добрый сосед с общей границей протяженностью более 1700 км. Один из крупнейших инвесторов в экономику Казахстана, страна с многовековой историей и культурой. Мы с большим оптимизмом смотрим на будущее казахстанско-китайских отношений. При этом нам абсолютно не нужно быть китаефилами, но и слыть китаефобами нет необходимости. Мы должны строить многосторонние отношения с Китаем с полным учётом наших интересов и выгоды. Нам надо помнить – если мы слабые, то все нам враги, если мы сильные, то все нам друзья.

**– Серик, ты долгое время являлся личным переводчиком китайского языка Президента страны К.-Ж.К.Токаева и бывшего Президента Н.А. Назарбаева. Расскажи, пожалуйста, об этом опыте.**

– Признаюсь, что быть переводчиком высшего руководителя – задача не из простых и лёгких. Это подтвердят все мои коллеги, служившие или служащие на этой ниве. Отмечу самое главное это – большое человеческое обаяние наших Президентов, их глубокую мудрость и высочайшую степень дальновидности в решении дел, связанных с межгосударственной политикой. Наши лидеры – великие дипломаты своей эпохи, тонкие знатоки человеческих душ. Несмотря на то, что иногда на повестку дня выносились весьма непростые вопросы, их скромность и обаяние, простота в общении, подлинное уважение к собеседнику, деловой конструктивизм всегда и изначально настраивали партнёров по переговорам на весьма позитивный лад.

При этом во время переговоров наши Президенты всегда оказывают своему переводчику всевозможную поддержку, делают частые паузы, моментально чувствуя, если перевод некоторых терминов даётся непросто. Бывало, что главы государства часто подбирали синонимы к словам из своей речи, давая мне возможность реализовать более точный перевод. Отмечу, что это здорово помогает и окрыляет, не знаю, кто из президентских переводчиков в мире может похвастаться такими заботливыми руководителями. Возможно, они и есть, но я пока не встречал.

**– Расскажи, пожалуйста, о своём опыте дипломатической службы. Что бы ты посоветовал студентам и молодым специалистам, жаждущим стать дипломатами?**

– В целом, дипломатическая служба – это почётная, но и очень ответственная работа. В ней много интересного, но и трудностей на этом поприще встречается немало.

Дипломат должен иметь широкий кругозор, высокий уровень культуры, безупречное поведение, быть собранным и аккуратным, хорошо знать язык и правовую систему страны пребывания, проявлять уважение к местным нравам и обычаям, знать в деталях вопросы двусторонних отношений.

Дипломат также обязан чётко придерживаться дипломатического этикета, должностных и служебных инструкций, и в рамках своих полномочий неизменно отстаивать интересы своей страны. Вот так вкратце выглядят те навыки, которые необходимы дипломату.

Действительно, бывших дипломатов не бывает, тем более бывших послов. Дипломатические посланники, после отставки, несут на себе почётный статус человека, представлявшего свою страну за рубежом и имеют ряд моральных обязательств, которые заключаются в соблюдений неписанных правил дипломатии. Эти правила просты и прежде всего, включают в себя – но не ограничиваются – воздержанием от нелестных и нелицеприятных оценок и резких выражений в адрес тех стран, где они представляли свою Родину, если конечно же эти государства не находятся в состоянии войны. Также необходимо знать, что дипломатический ранг присваивается человеку пожизненно, что само по себе накладывает на дипломата немалую ответственность и требует особой корректности и учтивости.

**– И в заключении, Серик, ты уже знаешь, что в этом году нашему любимому альма-матер – КазНУ им. Аль-Фараби исполняется 90 лет, а наш с тобой любимый факультет востоковедения отмечает 35 лет со дня образования. Хотелось бы услышать, что бы ты хотел пожелать своему альма-матер?**

– Фатима, во-первых, хочу поблагодарить тебя, что ты нашла время побеседовать со мной. Бывая на родном факультете не раз, я видел, что кроме учебных нагрузок, вы одновременно успеваете реализовать колоссальное количество работ! Вы публикуете статьи в высокорейтинговых журналах из базы данных Scopus, Web of Science, публикуете по несколько монографий и учебников в год, проводите научные конференции и семинары республиканского и международного масштаба, занимаетесь профориентационной работой: ходите по школам и колледжам. Я также знаю, что вы задействованы в переводческий процесс во всех мероприятиях международного масштаба, проводимых в КазНУ. Я удивляюсь: как вы всё это успеваете делать?! Я считаю, чтобы работать так много и продуктивно, нужно сильно любить свою профессию и быть отчаянными фанатами своего дела. Поэтому в юбилейный год я хочу пожелать всем преподавателям любимого альма-матер крепкого здоровья, творческих успехов, и не растерять этот здоровый фанатизм. Факультет востоковедения КазНУ – является важным научно-исследовательским центром, флагманом в подготовке лучших специалистов – востоковедов. Восток – дело тонкое! Желаю, чтобы факультет востоковедения и дальше развивался в ногу со временем, бережно сохраняя лучшие традиции и высокие стандарты образования и научной деятельности. С юбилеем!

**Беседовала**
**Фатимабиби ДАУЛЕТ,**
*профессор кафедры китаеведения факультета востоковедения*

**AD Scientific Index халықаралық агенттігінің рейтингі бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасының бір топ оқытушысы Қазақстанның үздік ғалымдарының қатарына енді (https://www.adscientificindex.com). Бұл – жеке ғалымдардың соңғы алты жылдағы ғылыми өнімділігіне негізделген рейтинг және Google Scholar талдау жүйесімен индекстеледі.**

**Осыған орай, «Qazaq universiteti» газетінің тілшісі қазіргі таңда полимерлер химиясы саласында жоғары деңгейде табысқа жеткен ғалымдарды әңгімеге тартып, сұхбаттасқан еді.**

# ҚазҰУ химиктері әлемдік ғылыми рейтингте

**– Алдымен сіздерге құтты болсын айтамыз. Мұндай ғылыми жетістікке қалай қол жеткіздіңіздер?**

**Перизат Үркімбаева:**

– Біз осындай жетістікке ғылымның заманауи бағытын дамытуға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың арқасында жеткенімізді айтуға тиіспіз. Университет басшылығы да ғылым көшін алға сүйрейтін жобаларға үнемі қолдау көрсетіп отырады. Соңғы жылдары ғылыми жұмыстарды қорытындылау кезінде Web of Science және Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық басылымдардағы жарияланымдар саны артып келеді. Негізінен, бұл жұмыстар ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға басымдық беру және әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық арқасында жүзеге асырылуда.

**– Қазіргі жүргізіп жатқан ғылыми жұмыстарыңыз жайлы айтып берсеңіздер.**

**Зарина Кеңесова:**

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың соңғы жолдауында экология және қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезектегі мәселе. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда. Бізге де бұл үрдістен шет қалуға болмайды. Проблемаларды шешуге жол ашатын жаңа Экологиялық кодекстің жобасы әзірленді», – деді Президент. Осы тұрғыдан алғанда, кафедрада атқарылып жатқан ғылыми жобалардың көпшілігі қоршаған ортаны қорғау және экология мәселесін басты назарда ұстап отырғанын айтқым келеді. Өйткені бұл өте өзекті сала.

**Райхан Рахметуллаева:**

– Қазақстан нарығында полимер негізіндегі пакеттердің тек бір түрі бар. Ол полиэтиленнен жасалған пакеттер. Қазір оның қоршаған ортаға зияны, қоқыстарда жатып, жылдар бойы ыдырамайтыны белгілі. 2025 жылдан бастап биоыдырамайтын пакеттерді қолдануға заңмен шектеу қойылады. ҚазҰУ ғалымдары, профессор Г.А.Мун мен доцент П.Үркімбаеваның басшылығымен көптеген жылдар бойы осы мәселені шешу үшін ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Бірнеше инновациялық патенттер алынып, ғылыми мақалалар жоғары рейтингілік басылымдарда жарық көруде.

**Перизат Үркімбаева:**

– 2021 жылы Ғылым және коммерцияландыру жөніндегі халықаралық кеңестің жариялаған байқауына «Түрлендірілген крахмал негізіндегі биологиялық ыдырайтын материалдар өндірісі» атты жобамызды ұсынып, жеңіп алдық. Р.Рахметуллаева – сол жобаның ғылыми жетекшісі.

**– Оқырмандарымызға осы жоба туралы толығырақ мәлімет бере кетсеңіз.**

**Райхан Рахметуллаева:**

– Жоба Халықаралық қайта құру және даму банкі мақұлдаған «Өнімді инновацияларды ынталандыру» бағдарламасы шеңберінде жүрді. Жобаны іске асыру үшін 96 038 805 теңге бөлінді. Негізгі мақсат – арзан, қолжетімді, биоыдырайтын, күнделікті өмірде қолданылатын пакеттер шығару. Мұндай пакеттер жасау үшін крахмалды қолданамыз. Қазіргі таңда Ақмола облысы Аршалы ауданындағы «Ер-Батыр Биополимер» ЖШС-мен бірлесіп жұмыс жүргізілуде. Өндірілетін пакеттердің биоыдырайтын қасиеттері ҚазҰУ-дың химия факультетінде зерттелуде. Ірі супермаркеттермен келіссөздер жүргізілді.

**Біздің анықтама:**



***Райхан РАХМЕТУЛЛАЕВА,*** *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ химия факультетінің бакалавриатын және магистратурасын бітірген. Стимулсезімтал полимерлердің синтезі, биомедициналық полимерлер және олардың қолданылуы бойынша еңбектері Scopus және Clarivate Analytics дерекқорына кіретін журналдарда (Polymers for Advanced Technologies, 2021, IF=3.6, Q2 және Materials, 2021, IF=2.2, Q1) жарық көрген. Хирш индексі – 6.*

***Перизат ҮРКІМБАЕВА,*** *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия факультетін бітірген. Гидрофильді, биоыдырайтын полимерлер және олардың қолданылуы бойынша еңбектері әлемге танылған ғалым. Хирш индексі – 4.*

***Зарина КЕҢЕСОВА,*** *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия факультетінің магистратурасын бітірген. Желатиннің мукоадгезивтік қасиеттерін қаныққан ангидридтермен химиялық түрлендіруге арналған мақаласы әріптестерімен бірге Biomacromolecules журналында жарияланған. (IF=5.5; Q1; Scopus CiteScore percentile – 90). Хирш индексі – 3.*

**– Жас ғалымдарды қалай ынталандыруға болады?**

**Перизат Үркімбаева:**

– Ғылыммен айналысамын деген жастарға қазір мүмкіндік көп. Ғылымның оңай жол емес екенін білесіздер. Сондықтан бұл салаға бет бұрар алдында ғылымды жақсы көріп тұрсың ба, жоқ па, соған мән беру керек. Себебі ғылымға жүрдім-бардым қарауға болмайды. Қазір жас ғалымдарды мемлекет те, оқу орны да қолдайды. Ең алдымен жұмыс барысында басымдықты дұрыс анықтап, өздігінен жұмыс істеуге дағдылану маңызды. Еңбексүйгіштік, ғылыми қызығушылық, уақытты тиімді пайдалана білу керек. Бүгінгі күні студенттерге шетелдегі ғылыми орталықтарда тәжірибеден өтуге мүмкіндік бар.

**Райхан Рахметуллаева:**

– Жас ғалымдарға айтарым – ғылым жолында еңбек етуден қорықпаңыздар. Жасаған еңбектің нәтижесін жоғары рейтингті журналдарда шығаруға тырысыңыздар. Ізденіп, көп оқыңыздар. Кітап «кемірген» адам далада қалмайды. Оның үстіне қазіргі технологиялық заманда ғылымсыз күніміз қараң. Өркениеттің жалына жабысып, озық идеялы елге айналамыз десек, ғылыммен айналысқанымыз абзал. Туған еліміз, Отанымыз – Қазақстанның дамуына үлес қосыңыздар. Қазір жас ғалымдарға үкімет тарапынан қолдау аз емес. Соның көзін таба білу керек.

**Зарина Кеңесова:**

– Менің пікірімше, жас ғалымдарға алдымен табандылық пен сабырлық керек. Ғылым жолы қиындық пен кедергілерге толы, алайда сол қиындықтарды жеңе білген адам ғана жетістікке жетеді. Ең бастысы – қызығушылық пен зерттеуге деген құштарлықты жоғалтпау. Әрбір сұраққа жауап іздеуден шаршамаған абзал. Себебі жаңалық, жаңа ашылулар көбіне күтпеген жерден келеді. Сондай-ақ заманауи технологиялар мен білімдерге қол жеткізу үшін халықаралық байланыстарды кеңейтіп, әрқашан өз саласындағы жаңа трендтерден хабардар болу қажет. Жас ғалымдар кішігірім жеңістерден қуат алып, үлкен мақсаттарға талпынғаны абзал.

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

---

**«Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 2-3 курс студенттері арасында «Батыс Қазақстандағы су тасқынының себебі мен салдары» тақырыбында ашық кураторлық сағат өтті. Іс-шара Тұрақты даму мақсаттарының 15-ші (Құрлық экожүйелерін қорғау) және 13-ші (Климат өзгеруімен күрес) тармақтарына сәйкес ұйымдастырылды.**

# Студенттер экожүйені қорғайды



Тақырыпқа сәйкес, аталған аймақта зерттеу жұмыстарын жүргізуге атсалысқан Метеорология және гидрология кафедрасының аға оқытушысы Алмат Нұрбақұлы арнайы шақырылды. Ол өзінің баяндамасында Батыс Қазақстанда су тасқынының негізгі себептерін, оның салдарын және шешу жолдарын қарастыру экожүйені қорғауға және климат өзгерісімен күреске бағытталған маңызды шаралардың бірі деп атап өтті. Сонымен қатар аталған аймақта жүргізілген жазғы зерттеу жұмыстарымен таныстырып, көптеген видеотаспаларды студенттер назарына ұсынды.

Су тасқынының алдын алу және салдарын азайту үшін бірнеше шараны қолға алу қажет. Ең алдымен, табиғи экожүйелерді қорғау, атап айтқанда орманды қалпына келтіру және өзен арналарын табиғи қалпында сақтау маңызды рөл атқарады. Бұл топырақтың су сіңіру қабілетін арттырып, су тасқыны қаупін төмендетеді. Сонымен қатар гидротехникалық құрылыстарды (дамбалар мен бөгеттер) салу және жаңғырту арқылы су тасқынын бақылау мүмкіндігі артады.

Климат өзгерісімен күрес аясында атмосфераға парниктік газдардың шығарылуын азайту және энергияның жаңартылатын көздерін пайдалану да су тасқыны мәселесін шешуге көмек береді. Сондай-ақ халықты ақпараттандыру және төтенше жағдайларға дайындық шараларын ұйымдастыру арқылы су тасқынының салдарымен күресуге болады.

Батыс Қазақстандағы су тасқынының себептері көп және оларды шешу кешенді тәсілді талап етеді. Экожүйелерді қорғау, климат өзгерісімен күресу және дұрыс жоспарлау арқылы біз су тасқынының теріс әсерін азайтып, өңірдің тұрақты дамуына қол жеткізе аламыз.

Студенттер елімізде кездесетін түрлі табиғи және техногендік қауіптерді болжау, алдын алу және себеп-салдарымен күресу саласының болашақ мамандарына қажетті көптеген мағлұматтар алды.

**Ақерке ТАЛҒАТҚЫЗЫ,**
*«Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 2-курс студенті*

# Сотрудничество с университетами Китая

**Казахский национальный университет имени Аль-Фараби к своему юбилею – 90-летию со дня основания – подходит с прекрасными результатами. Большому коллективу этого престижного и известного университета есть, чем гордиться. Казахский национальный университет имени Аль-Фараби по итогам международного рейтинга QS Asia University Rankings вошёл в число 30-ти лучших вузов Азии. И это заслуженная оценка работы всего коллектива нашего университета.**




Диапазон обширной образовательной, учебной и воспитательной деятельности университета весьма широк. Один из аспектов многовекторной деятельности ведущего университета страны – это международное сотрудничество с лучшими вузами мира. Это самые разнообразные образовательные программы и программы повышения квалификации: совместные научные исследования и проекты с учёными самых разных стран, различные программы обмена студентов по многим специальностям, проведение международных конференций, семинаров, вебинаров и т.д., обмен опытом с преподавателями университетов мира (преподаватели КазНУ им. Аль-Фараби выезжают на стажировки или в командировки в вузы других стран и принимают у себя в университете коллег из ведущих зарубежных вузов).

Таким образом, международное сотрудничество университета Аль-Фараби в научной и образовательной сферах охватывает огромный круг вузов мира самого разного уровня и масштаба. Можно особо выделить языковые программы, как самые популярные программы в сфере международного сотрудничества. На кафедре языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования в этом году обучаются более 100 китайских студентов. Они с огромным интересом и удовольствием изучают русский и казахский языки.

Поэтому студенты факультета довузовского образования из Китая были активными участниками Выставки университетов КНР. Это масштабное мероприятие было организовано Генеральным консульством КНР в г. Алматы, Стипендиальным советом КНР и нашим университетом. На выставке более 40 лучших университетов Китая презентовали свои учебные заведения, рассказали об академической деятельности и поделились своими научными достижениями. Нашим казахстанским студентам университеты Китая дали самую полную информацию о возможности обучения в китайских университетах через международные программы. Выставка прошла на очень высоком организационном уровне в атмосфере дружбы, доброжелательности, взаимного понимания и уважения. Это только одно из большого числа мероприятий, которые проводит Казахский национальный университет имени Аль-Фараби в преддверии значимого события – 90-летнего юбилея со дня основания ведущего университета страны.

**Раушан ТУРЕБЕКОВА,**
**Айгуль САДЕНОВА,**
*преподаватели кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев*

# Студенты КазНУ за экологичное завтра

**На прошлой неделе студенты 3-го курса специальности МКМ присоединилась к акции «Собери пластик». На территории университета перед зданием ректората был установлен автомат Sparklo, готовый принять пластик на переработку. Воодушевленные возможностью внести вклад в улучшение экологии, студенты с улыбками на лицах наполнили автомат более чем 30 пластиковыми бутылками — каждая бутылка стала символом ответственности и любви к природе.**



Для студентов эта акция оказалась не только полезной, но и увлекательной — простое действие по сбору пластика объединило их и показало, что даже малый шаг может значить многое. Они не просто собрали и сдали бутылки, но и получили символическое вознаграждение — бонусные баллы в приложении, которые стали приятным напоминанием о том, что забота о планете имеет свои плоды.

Мероприятие «Собери пластик" было проведено в рамках реализации Целей устойчивого развития. Акция направлена на формирование у студентов осознанного отношения к отходам и ресурсам. Сдача пластиковых бутылок на переработку учит видеть ценность в каждом ресурсе и создает основу для ответственного потребления, важного в контексте цикличной экономики. Переработка пластика вместо его захоронения — это прямой вклад в снижение углеродного следа и загрязнения окружающей среды. Отправляя пластик на переработку, участники акции вносят свой вклад в борьбу с изменением климата, снижая выбросы парниковых газов и продвигая экологичные решения.

«Сбор пластика — это не просто акция, это символ того, что каждый из нас может влиять на будущее. Наши студенты в очередной раз доказали, что ответственное отношение к природе начинается с малых шагов, которые каждый может сделать», — отметила преподаватель.

С энтузиазмом студенты заявили, что будут продолжать эту инициативу самостоятельно, ежедневно внося вклад в чистоту планеты. Акции «Собери пластик» — это лишь начало большого пути, но именно с таких маленьких шагов начинается будущее, которое мы выбираем.

**Роза САБИРОВА,**
*ст.препод. кафедры математического и компьютерного моделирования*

**В рамках программы «Возрождение моногородов в условиях создания нового Казахстана на основе территориального маркетинга» учеными из КазНУ им. Аль-Фараби к.э.н., и.о. профессором Ахметовой З.Б., к.э.н., и.о. профессором Бимендиевой Л.А., к.э.н., и.о. профессором Кожамкуловой Ж.Т., доктором (PhD) Товма Н.А., старшим преподавателем Шуреновым Н.Б. была пройдена научно-исследовательская стажировка в Lisbon School of Economics and Management, University of Lisbon, занимающий 260 место в рейтинге QS в период с 6 по 14 июля 2024.**

# Покоряя новые вершины образования



Задачи командировки – выполнение научно-исследовательских работ по изучению зарубежного опыта развития моногородов, относящихся к разряду малых территориальных образований, исследованию городского управления на примере Португалии и внедрению цифровых и smart-технологий в экономике на примере различных стран, в том числе Португалии.

В ходе встречи состоялось знакомство с известным ученым Alvaro Manuel Reis da Rocha, имеющего высокий индекс Хирша 27. В результате командировки было обсуждение сравнительного опыта развития моногородов, относящихся к разряду малых городов на примере Португалии и моногородов Республики Казахстан. Были рассмотрены возможности сотрудничества по академической мобильности студентов, магистрантов, докторантов по экономическим специальностям ВШЭиБ. Состоялось обсуждение возможности публикации статей ученых Португалии в Вестнике КазНУ. Серия экономическая. Также в рамках программы «Возрождение моногородов в условиях создания нового Казахстана на основе территориального маркетинга» прошли научно-исследовательскую стажировку в University of Minho.

В ходе стажировки были прослушаны лекции-консультации профессора Rui Manuel Dinis De Sousa на тему: «Опыт развития малых городов Португалии и Испании». Состоялась дискуссия, были получены конкретные ответы по вопросам особенностей диверсификации городской экономики малых городов Португалии и Испании: Брага, Гимарайнш, Вила, Виго и другие. Опыт их развития показал необходимость диверсификации за счет других отраслей: текстильной промышленности, туризма, виноделия, судостроения, рыболовства и др.

Кроме того, были обсуждены возможности руководства докторантами КазНУ имени Аль-Фараби по экономическим специальностям. Командировка вносит вклад в повышение имиджа КазНУ имени Аль-Фараби в международных рейтингах по следующим пунктам:

- развитие сотрудничества между университетами Португалии: University of Lisbon, University of Minho, SCTE-Instituto Universitário de Lisboa и КазНУ имени Аль-Фараби,
- повышение узнаваемости КазНУ имени Аль-Фараби в международном научном образовательном сообществе,
- увеличение иностранных профессоров для руководства докторантами,
- увеличение академической мобильности студентов, магистрантов, докторантов, ППС,
- совместные публикации в высокорейтинговых журналах в базе данных Scopus, в Вестнике КазНУ. Серия экономическая.

Поездка была плодотворной для научного исследования опыта диверсификации экономики малых городов Португалии для применения опыта в моногородах Республики Казахстан и определения стратегии их развития, с использованием инструментов территориального маркетинга.

**Зауреш АХМЕТОВА,**
*к.э.н., и.о. профессора*

**Наталья ТОВМА,**
*к.э.н., доктор (PhD)*

# Менделеев съезінде баяндама жасады

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары жалпы және қолданбалы химия саласы бойынша XXII Менделеев съезіне қатысты.**

XX ғасырдың басынан бері өтетін съезд химия саласындағы жаңа жетістіктерді талқылау мен білім алмасу алаңына айналған. Менделеев съезі әлемнің түкпір-түкпірінен үздік ғалымдардың басын қосып, химия ғылымының дамуына және оны әртүрлі салаларда қолдануға тікелей әсер етеді. Биыл ауқымды шараға 4000-ға жуық маман, оның ішінде 39 елден 200-ден астам халықаралық сарапшы қатысты.

Аталған шара екі маңызды мерейтой – ұлы химик Дмитрий Иванович Менделеевтің туғанына 190 жыл және Ресей ғылым академиясының 300 жылдығына орай ұйымдастырылды. Съезд жетекші ғалымдар, академиктер, білім беру және ғылыми мекемелердің өкілдері мен өнеркәсіп өкілдерін жинады.

Қазақстаннан съезге ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры, техника ғылымының докторы Ажар Баешова және ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымының докторы, профессор Әбдуәли Баешов қатысты.




Профессор Ажар Баешова «Титан (IV) иондарының қатысуымен пайдаланылған ерітінділер мен ағынды сулардан селенат иондарының каталитикалық тотықсыздануы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қатысты «Жауапты өндіріс және тұтыну» сынды маңызды мәселелерді қамтыды.

Ғалым өз баяндамасында әдетте қоқысқа тасталатын, біржола жоғалатын құнды элемент – селенді – көпкомпонентті пайдаланылған ерітінділер мен ағынды сулардан селективті алудың жаңа әдістерін ұсынды.

Шара соңы химия ғылымының одан әрі даму келешегін белгілеген академик Ю.А.Золотовтың қорытынды баяндамасымен аяқталды.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Ғұмырын ғылымға арнаған жан

**Бар ғұмырын білім мен ғылымға арнаған ғалым Наргүл Өмірбекова 70 жасқа толды. Ол Қазақстандағы өсімдіктер генетикасы мен селекциясы саласының дамуына айтарлықтай үлес қосқан көрнекті ғалым.**

Наргүл Жаппарқызы Молекулалық биология және генетика кафедрасында 30 жылдан астам уақыт жемісті еңбек етіп келеді. Оның жетекшілігімен өсімдіктер генетикасының жаңа бағыты қалыптасып, еліміздегі ғылыми зерттеулерге зор ықпал етті.

Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстары халықаралық деңгейде кеңінен танылып, оның нәтижелері көптеген халықаралық конференциялар мен конгрестерде баяндалды. Наргүл Жаппарқызы терең білімі мен тәжірибесі арқасында еліміздің жетекші ғалымдары қатарынан орын алады. Профессор Өмірбекованың ғылыми-педагогикалық қызметі жоғары бағаланып, 2016 жылы «ҚР үздік оқытушысы» атағын иеленді. Сонымен қатар ұстаз еңбегін кеудесіне таққан «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Әл-Фараби» күміс медалі айшықтайды. Наргүл Өмірбекова ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.



Наргүл Жаппарқызының есімі ғылым саласында ғана танымал емес, әріптестері мен шәкірттері арасында да зор құрметке ие. Оның адамгершілігі, жоғары кәсіби біліктілігі және табандылығы ұжым мүшелері арасында үлкен сенім тудырып, айналасына ерекше әсер береді. Университет ұжымы профессор Наргүл Жаппарқызының 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтайды. Ғалым-ұстазға мықты денсаулық, шығармашылық табыс және отбасына амандық тілейді. Оның еңбектері мен ғылыми жетістіктері еліміздің ғылымына қосқан үлкен үлес болып қала бермек.

***Жазира ЖҮНІСБАЕВА,***
*Молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к.*

***Ақерке СЕРБАЕВА,***
*аға оқытушы*

# Түлектер тарту жасады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне тиесілі №5 жатақханаға биыл – 50 жыл. Осы айтулы датаға орай, «Түлектер күні» ұйымдастырылып, студенттер үйіндегі асханаға жаңадан заманауи жиһаз орнатылды.**

Жаңа асүй жиһазын журналистика факультетін 2004 жылы бітірген түлектер тарту етті. Білім алушы жастардың емін-еркін ас дайындаулары үшін жаңадан асүй сантехникасы мен электронды плита қойылған. Сонымен қатар бұған дейін университет тарапынан жатақханаға студенттердің игілігі үшін жаңадан тоңазытқыш қойылған болатын.

Іс-шараға әр жылдары факультетті бітірген түлектер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі



тележурналистер, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер жиналды.

Жиын соңында 2014 жылы бітірген түлектер ұйымдастырған 1-4 курс студенттері арасында «Саяси журналистика» байқауының қорытындысы жарияланды.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

**Алматы қаласындағы Almaty gallery өнер кешенінде өткен National Geographic журналының фотокөрмесін Философия кафедрасының 4-курс студенттерімен бірге тамашалап қайттық.**

**Қоғам санасын ғылыми зерттеулермен байытып келе жатқан әлемдік журналдан алатын тағылым мол. Журналға шығатын әрбір фотосуреттің артында асқан ғылыми ізденіс жатыр. Бұл ғылым мен деректі фотоның үйлесімі.**

# Таным көкжиегін кеңейткен фотокөрме



Таным кеңістігін кеңейтетін журналдың тұмса табиғатқа арналған көрмесі студенттерді қызықтырып, толғандырған сұрақтарына жауап алды. Өз кезегімде әрбір студенттің сұрағына жауап беріп, фотографияның танымдық фукнциясы туралы баяндадым.

Фотография – өнердің бір ғана саласы емес, ол деректердің үлкен бір әлемін жасаушы ғылым. Ал дерек – ақпарат. Ақпараттың шынайы, сапалы, мәнді образдармен жетуі асқан кәсібилікті талап етеді. Көрмеге қойылған жануарлар әлемінің 70 фотосуреті осыны айғақтайды.

Әлемдік бірегей туындылардың артында авторлардың қаншама маңдай тері, ғылыми ізденісі жатыр. Студенттер көрменің осы ерекшелігіне аса мән берді. Бұл олардың фотографиямен қатар, табиғатты танып, оны құрметтеуге шақыратын экософиялық, философиялық танымдарын да қатар шыңдағаны сөзсіз.

Көрмеде National Geographic журналының беттерінен таңдап алынған хайуанаттар әлемінің ең үздік суреттері ұсынылған. Табиғат суреттерінің майталман редакторы Кэти Моранның жетекшілігімен әзірленген бұл көрме National Geographic-тің Майкл «Ник» Николс, Стив Уинтер, Пол Никлен, Беверли Жубер, Дэвид Дубиле және басқа да ең танымал фотографтардың түсірген суреттерінен құралған тұмса табиғатқа деген айрықша көзқарас іспетті.

Көрменің бастапқы бөлімі жабайы жануарлар тіршілігін суретке түсіру қалай басталғанын көрсетіп, фотографтар болашаққа қалай жол салғанын паш етеді. Көрменің өзіндік ерекшелігі – ондағы әрбір сурет жануардың табиғи ортасында түсірілген. Фото түсіру барысында жануарды қамауда ұстау немесе әдейілеп жемге алдандыру амалдары қолданылмаған.

«Философияда қоғам, медиа тақырыптарын жиі талқылаймыз. Қоғамдық санада адамдардың тіршілік ортасына, ғаламшарымызға ықпалы жиі көтеріледі. Сондықтан адамзаттың жаратылыс сұлулығына тамсанып, оны қорғап, болашаққа аманаттауы маңызды. Бұл табиғи ортаның экожүйесін сақтайтын адами моральдық мәселелер. Ал көрме фотосуреттері бізге осы құндылықтарды сақтауға, оларды бағалауға үндейді. Сондықтан тұмса табиғатымызды түсіне білейік», – дейді Философия кафедрасының 4-курс студенті Айым Бахыбек.

Айта кетейік, әлемдік National Geographic ұйымы саясаттан тыс дүниелерді, соның ішінде адамзат өркениетінің өзекті мәселесінен бастап, көне тарихына дейін барлайтын, тұмса табиғат, география, археология, тарих, биология, астрономия және т.б. көптеген ғылым саласын кеңінен қамтиды.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**
*Философия кафедрасының аға оқытушысы, PhD*

№39 (1951) 4.11.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

# QS пре-саммитінде жоғары білім беру жайы талқыланды



















ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
**Газетке жазылу индексі: 64787**
Таралымы – 3000
- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq unıversıtetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.